

Л 2009  
13344к



СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ


ҚОМШАБАЙ  
СҮЙЕНІШ



ШЫҒАРМАЛАРЫ











"MADENI MURA"  
MEMLEKETTİK BAĞDARLAMASYNYŇ KİTAP SERIYALARY  
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ  
TUNĜYŞH PREZIDENTI NURSULTAN NAZARBAEVTYN  
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYĜARYLDY

## Редакция алқасы

---

**Құл-Мұхаммед М. А., төраға**

**Алматов А.**

**Әбдікәрімов Ш.**

**Әлжік О.**

**Бердібаев Р.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**


**Қоңыратбаев Т.**

**Момынбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Рахматулла Ж.**

**Сейсекеева К.**



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

ҚОМШАБАЙ  
СҮЙЕНІШ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ЕКІНШІ ТОМ

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2008

**ББК 84 Қаз 7-5**  
**С 90**

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мураларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Б. Кәрібозұлы** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**Ә. Рахымбекұлы** – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

**С 90 Сүйеніш Қомшабай.**

**Шығармалары. Екі томдық. – Астана: Фолиант, 2008.**

**Т. 2. – 384 б.**

**ISBN 9965-35-453-7**

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған Қ.Сүйеніштің шығармалар жинағының ІІ томына ақынның әр жылдарда жарық көрген кітаптарынан алынған өлеңдері енгізілді. Бұл өлеңдер – ақынның адал жаны мен адам деп соққан жылы жүрегінің сыртқа шыққан лебізіндей мұңлы туындылар. Ақын мұңы – оқырмандарын өмірден түңілуге емес, керісінше өмір сүруге ұмтылуға, өмірді сүйуге жетелейтін нұрлы да сырлы сезім. Ойшыл ақын өлеңдерінің мазмұны мұңға бөленсе, мұң ақын туындыларындағы негізгі сарын болса, бұл да өнер заңдылығына қайшы келмейтін сипат.

Оқырманның ойына олжа салып, сезімін сергітетін шынайы өлең үлгілері – шын ақынның тартуы.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ **00195393**

**ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-35-453-7 – Т. 2.**

**ISBN 9965-35-451-0**

© Сүйеніш Қомшабай, 2008

© «Фолиант» баспасы, 2008

## ҚАН ЖЫЛАЙДЫ ҚУ ЖҮРЕК

\* \* \*

Ет-жүрегім,  
Неге езіле бересің,  
Қайта-қайта сөгіп жанның көбесін?  
Тағы да бір шер жамағың келе ме,  
Жимай жатып «төсектегі» шер есін.

Байғұсым-ау,  
Көзі жасты байғұсым,  
Білем, бордай езілмесін жайға ішің.  
Артықтау ғой артам деуің иыққа,  
Дүниенің таусылмайтын қайғысын.

Тірлік бітпей жерде қайғы бітер ме,  
Аз дейсің бе сен секілді «үкі» елде?! –  
Қыр ізінен тірсектейтін өкшелеп,  
Дем біткенше жүндей талай түтер де...

Сен мұңды деп мұңданбайды дүние,  
Түйір, е деп түкке алғысыз,  
Түйір, е!  
Шырт түкіріп тастай салар қоқысқа,  
Қарамайды қансоқталы күйіңе.

Шым-шытырық түсіп жықпыл шиырға,  
Санаң сапсып,  
Айналардай миың да.  
Мең-зең жүру оңай емес,  
Тек арты,  
Шер-шеменге кетсе айналып қиын да...

\* \* \*

## 1

Омыртқа бір, жұлының,  
 Жүрек,  
 Бауыр –  
 Несін түгел санайын?!  
 Бір биенің құлыны,  
 Бір айғырдың сідігіміз, ағайын.  
 Бір бесікке бөленіп,  
 Бір алақан, жылу ап бір уыстан.  
 Бір емшекті тел еміп,  
 Киіз үйде қатар жаттық, туысқан.

Бір бұтаның гүліміз,  
 Күн көзіне қатар тосқан сауырын.  
 Ажырамастай жігіміз,  
 Еншім әлі бөлінген жоқ, бауырым.

## 2

Өтірік пе?  
 Шын бәрі!  
 Кім біледі, қай ит тиіп кеткенін?!  
 Сырдағы да,  
 Қырдағы,  
 Сұр түлкіге айналғандай Көк Бөрің.

Өтірік пе?  
 Бәрі шын!  
 Даулап жүрген жандай ескі кектерін.  
 Уыз жас та,  
 Кәрісі,  
 Өз атасын жүр түгендеп, тек тегін.

Өтірік пе?  
 Жалған жоқ!  
 Мекіренгенмен басымыз бір піспейді.  
 Көзге ғана Алдар боп,  
 Сырт айналып Жантықтығын істейді...



## 3

Ақпын деме!  
Ант ішпе!  
Індет «дертке» шалдықпаған кем пенде.  
Сиыр сәске,  
Тал түсте,  
«Ауырады» ай мүйізді серкең де!..

Айы да аман,  
Күні аман,  
Не жетпейді серкелерге сүзісіп?!  
Бірі інің де,  
Бірі ағаң,  
Мүйіздері жатқан сынып, көзі ісіп.

Алты ауыз боп,  
Араз боп,  
Бірін бірі іштен шалып жатқанда.  
Түсем дейтін сабаз жоқ,  
Жым білдірмей құрған тор мен қақпанға.

## 4

Азу тісі он қарыс,  
Қыр астында қан аңсаған сұмдар бар.  
Не қабан,  
Не жолбарыс,  
Бас салар деп ойланса етті мұндарлар.

Бәрі адыра қалмай ма,  
Темір құрық тағы түссе мойынға?!  
Бес елі сор маңдайда,  
Жон арқанды сойыл да осып, дойыр да.

Қал-құлт тірлік ілекер,  
Құлақ кесті құлы болып басқаның.  
Қорлықпенен күні өтер,  
Қазақ дейтін бағы қара қасқаның...



## 5

Жырта-жырта тапты не,  
 Аға інінің,  
 Іні ағаның жағасын?!  
 Бөле іздемей, бақ тіле,  
 Шыққан қап та,  
 Сап та біреу Алашым!..

\* \* \*

Қанша қайра,  
 Қайта-қайта өткірле,  
 Бар уытың қалған сынды тек тілде.  
 Көрінген құстың ұясына көз салған,  
 Көкек дәуір қас қаққанша өттің бе?!

Сері сезім суынғандай – самарқау,  
 Босаң тартып қына белді бар арқау.  
 Шоқ атқылап күнде маздап жататын,  
 Анда-санда дым бүркеді жанартау.

Жүрегің де самсоз –  
 Сұлқ қалғандай,  
 Күйкі тірлік қажытты ма сандалбай.  
 Дір-дір қағып үргелектей береді,  
 Дәл қасында дайын тұрған дар бардай.

Бәрі, бәрі –  
 Жаны жоқтай сүлесоқ,  
 Селт етпейтін секілді жүз дүре соқ.  
 Көкек дәуір бойыңды енді жылытпас,  
 Жасағаннан мың мәртебе тіле шоқ.

Ұрасың кеп,  
 Күнде ұрасың саныңды,  
 Белден кешіп бұлыңдаған сағымды.  
 Басылмайды соры қалың сағыныш,  
 Ауық-ауық сыздатады жаныңды...



\* \* \*

Ит мініп,  
Ирек қамшылар,  
Замана кері кетерде.  
Сүйегіңнен де қан сығар –  
Мөлтендеп күнде мекерге.

Ит мініп,  
Ирек қамшылар,  
Бұзылса пейілі пенденің.  
Түшкіріп көрмей жан шығар,  
Құрғамай жатып жөргегің.

Халық құла,  
Хан шұбар,  
Жаға буды тірлігі.  
Адам сирек хал сұрар,  
Бітсін бірге кіндігі.

Қаңсып намыс,  
Қаңсып ар,  
Қастерлейтін кісі кем.  
Аршып ал дер,  
Аршып ал,  
Боқ-сідіктің ішінен.

Қыңсылайды қаншық ар,  
Көрінгенге асылып.  
Тар жеріңе «тал» сұғар,  
Қаперде жоқ асылық.

Таңсық ұят,  
Таңсық ар,  
Құмалақ құрлы тасбиғың.  
Жермен жер боп жаншылар,  
Жақсы нышан,  
Жақсы ырым.



Кесірден кесел айырмай,  
Бақсы да дал,  
Балшы да.  
Жұрт көзіне зайырдай,  
Жорғалаған заңшы бар.

Сеңге соққан сазандай,  
Сарсылар жұрт,  
Сарсылар.  
Иттіктен жүрген тазармай,  
Заманға қара нар шыдар!..

\* \* \*

Көк мылжыңның бар ма бітер бір күні,  
Бесті қырт-ау, бесті қырт?!  
Қанжығаға байлағалы қаш-шан қызыл түлкіні,  
Есті жұрт.

Сен сияқты көпірмейді көк жағал боп ауызы,  
Бөспебай!  
Сөздерінің көбірек те дәні, аздау қауызы,  
Көңіл де бай, көш те бай.

Асығып та аптықпайды – жаяу бүлкіл, жорға аян,  
Жоқ бөйгі.  
Бағыт та аян ат тірейтін, жол да аян,  
Керек жерде тоқтайды.

«Көштің жүгі аумаса да» – бар уайым, бар қайғы,  
Ешпе емес.  
Сен секілді бос белсенді, бос тыртаңға бармайды,  
Асамын деп бес белес.

Кеше пейіш! Ертең пейіш! Бүгін де!  
Езгенің.  
Қалмасаң тек обалына түбінде,  
Өзіңнің де өзгенің...



\* \* \*

Қодығындай есектің,  
Қыдың-қыдың,  
Қыдыңдап.  
Құйрық тігіп неше өттің,  
Көрмегендей қырындап.

Етсем бе екен кешірім,  
Ес кемдік пе, ес кемдік?!  
Өзің айтшы кесімін,  
Әлде есек боп өскендік?!

\* \* \*

«Жем етсе деп,  
Адалсынған келеді итті қылғытқым».  
Өлекседей,  
Күнде қарға шоқиды көзін шындықтың.

Бет шие еді,  
Онсыз да өзі арса-арса шандырдай.  
Тек сүйегі,  
Мүжігесін қырым етін қалдырмай.

Кен ірерде,  
Сүйек қоса сықырлай ма, қайтеді?  
Кеміретер де,  
Түбі оны да тіске басып әй, тегі!

Бірте-бірте,  
Қалмауы да бәлкім мүлде қаңқасы.  
Сілке-сілке,  
Тозаң болып жентек-жентек жаңқасы.

Шымырлатып,  
Жон арқанды шырылдаған дауысы.  
Шыңылдатып,  
Күңіренердей сайын дала, тау іші.

Қаңсыраған,  
Жанын-тәнін қарақшыдай қорып құр.  
Ар сынаған,  
Жамау-жасқау жүрек өзір соғып тұр...

\* \* \*

Ызғар қарып,  
Жел өтпей,  
Жылы болып орының —  
Кемпіршуақ керектей,  
Молдаторғай,  
Момыным.

Қанын тартса қара жел,  
Жабағы жүн бүрқырап.  
Пана бер деп,  
Пана бер,  
Қылдай сүйек сырқырап.

Әр бұтаның түбінде,  
Күні бойы бүрісіп.  
Ертең,  
Әлде бүгін бе,  
Кететіндей күн ысып.

Әлсін-әлсін телміріп,  
Қабақ түйген аспанға.  
Қалғандай ма енді үміт,  
Қалқып жауған жас қарда.

Мұңымыз бір,  
Қайғымыз,  
Сен құссың, мен адаммын —  
Жайлы қыс пен  
Жайлы күз,  
Бетін баққан заманның.



Көні кепкен – суатқа –  
Мен де бірі кенденің.  
Көптен зәру шуаққа,  
Жаурап жүрген пендемін...

\* \* \*

Шың басына біте берсін шынарың,  
Даусыз еді бір күні морт сынарың.  
Кім жолайды жаны қарау адамға,  
Шірік ағаш шеге ұстай ма, шырағым?!

Сәкіңе де септігі жоқ,  
Сөреге,  
Қурап қалған сен бір дөңбек бөрене.  
Екі аяқты пенде түгіл,  
Қонбайды,  
Бәдіктеніп быт-быттаған бөдене.

\* \* \*

Жан пида деп,  
Жан пида,  
Бұршақ салып мойынға.  
Жасадың ба жарты ила?  
Сойыл да жеп,  
Дойыр да!

Ханталапай күтіп пе ең,  
Қаймақ тимес ерінге.  
Буға айналып үмітпен,  
Қан боп аққан терің де.

Жанға түскен жарамның,  
Аузын күнде мың жалап.  
Екі албарлы адаммын,  
Миды жүрген мылжалап.

Тұнық судан бақа аулап,  
Лай судан балықты.  
Тайрандайды сақау бақ,  
Тоқалы ғып нарықты.

Өріп күпі битіндей,  
Шуылдаған шүрегей.  
Шикінді жеп шикіндей,  
Көн сыпырып іремей.

Тілі екеудің –  
Діні екеу,  
Үштің бірі қодырен.  
Құл өтеу ме,  
Құн өтеу,  
Бөтен жұрттың боғы да ем.

Қарау қамыс жарлауыт,  
Қара суы борсыған.  
Көрі қурай сарнауық,  
Зор шыдамы –  
Сор шыдам.

Көлкілдеген көк сағым,  
Күннің көзі көрінбей.  
Санаңдағы көп сарын,  
Жан қойсын ба кемірмей?..

Шыққыр көзің шықпайды,  
Сағыр болып құлағың.  
Сезбес пе едің түк қайғы,  
Көрмес пе едің ылаңын...

Таяп тоба қазыққа,  
Тасбауырлау тағдырың.  
Кептіруге жазып па,  
Қан тамырдың тандырын?..

Сүзек болған сырқастай,  
Тірі аруақ сүлдерің.  
Қылғытады ұрт ашпай,  
Қырна емін де,  
Сірне емін.



Бітеу жара сыздайды,  
Тәнді кеулеп жегі құрт.  
Бір ысып,  
Бір мұздайды,  
Тал бойыңның демі жұт.

Аш бөрідей жер тырнап,  
Жетім көңіл ұлиды.  
Азынаған жел тыңдап,  
Аз дәрмен де құриды.

Түн қатып,  
Түс қашардай,  
Қабақтардан қар жауып.  
Күйікті ойды баса алмай,  
Кешкі шерің таңға ауып.

Толарсақтан қан кешіп,  
Торсықтан су ішердей.  
Тербетілген тал бесік,  
Қаралыдай кісі өлмей.

Сілекейге жұбанып,  
Арманыңды сүр етіп.  
Ескі дертті мұра ғып,  
Күн артынан күн өтіп.

Тапсыратын тыңшыға,  
Адамындай шет елдің.  
Серігім боп мұң сірө,  
Дүниеден өтермін!..

\* \* \*

«Көсем» едің кешегі,  
Қалдың қара көсеу боп.  
Қалыңдығы бес елі,  
Қос көрпеше төсеу жоқ.

Тектілер де,  
Бектер де,  
«Сіздікі деп осы ара».  
Шығушы едің тек төрге,  
Бұйырса енді босаға?!

Отап шығып елді «айтпен»,  
Жамап жердің жарығын.  
Отырушы ең кел-қайтпен,  
Ортайды ма қарының?

Тұңғыш туған ұлыңдай,  
Күнде тығып көмейге.  
Қол қусырып құлыңдай,  
Ешкім ләпшай демей ме?

Бұл-бұл ұшқан көзіңнен,  
Көксеп қазір сол шақты.  
Табыстың ба –  
Безінген,  
Шал-шауқанмен он шақты?!

Опасы аз деп езілме,  
Дүние жүрер жөнімен.  
Ағатай-ау,  
Өзің де,  
Кімдерге опа беріп ең?!

\* \* \*

Ұлпа қар күткен,  
Ұлпа қар,  
Жалаңаш жатқан қырқалар.  
Мезгілің өтіп барады-ау,  
Ақ торғын көрпе қымтанар.

Ән де жоқ,  
Жыр жоқ шырқалар,  
Аспаннан болмай бір хабар.  
Бүк түсіп үнсіз жатырсың,  
Қабағы қалың қырқалар:

Сонда ма бағың шын табар? –  
 Ақ аспан түтеп бұрқады ал!  
 Жаураған жаның жылынса,  
 Жамылған ақ тон қырқалар...

\* \* \*

Шойтабаным,  
 Шойман қара шойтығым,  
 Қу жаныңды жесе, бермей ой тыным –  
 Кімге айтарсың,  
 Тыңдар сені қай пенде,  
 Қазақ деген қанбазарда қой: құның.

Иір бұтақ қарсы біткен еменге,  
 Сенің мұның мен сияқты тереңде.  
 Еңірегенде жасқа толар етегі,  
 Қалмай бара жатқандай ма ер елде?!

Алты алаштан озып туған арысым,  
 Тақ үшін де таласпай-ақ,  
 Бақ үшін.  
 Бозторғайдай жүрсің күнде шырылдап,  
 Жамасам деп жұрттың жыртық намысын.

Жамалар ма,  
 Жыртылар ма,  
 Білмеймін?  
 Ұлы мейлің жер тырналап, ұр мейлің:  
 Көбеймесе апта сайын,  
 Ай сайын,  
 Азаймайды кеудеңдегі зілдей мұң...

\* \* \*

Садағасы арық қара тоқтының,  
 Қыбырлаған құмырсқадай жоқ құның.  
 Болмашыға қайқандайсың сыр беріп,  
 Күнде алдырған қыршаңқы аттай шоқтығын.



Мәпіліксің,  
 Қара лайдан жаралып,  
 О баста Алла қойған мидан ада ғып.  
 Кәуек басқа құтаймады түк білім,  
 Қыр ізінен түссең де он жыл шам алып.

Бір сөзіңнің жаранасы жуыспай,  
 Суып қалған быламықтай бу ұшпай.  
 Қу қамыстың үпелегі қауқарсыз,  
 Ішін алған дүңкілдейді қуыстай.

Бозауызсың,  
 Былжырайсың бірдеме,  
 Аузын ашқан кесірткедей шілдеде.  
 Не шығады саңылауы жоқ кеудеден,  
 Тоқетері –  
 Бүлдіресің,  
 Үндеме!

\* \* \*

Қарағым,  
 Қалайсың деп хал сұрадың,  
 Қанатын қамыс қаққан қаршығамын.  
 Қалқиған қарақшыдай қаумет қалды,  
 Қажыдым,  
 Қалжырадым,  
 Қансырадым.  
 Үзіліп шірік жіптей нар шыдамым,  
 Білмеймін қашан, қайтіп жан шығарын?..

Күлме де, күйіме сен,  
 Жылама да,  
 Мың жыл серік болғалы мұң ағаңа.  
 Кеміріп жұлынқұрттай күні-түні,  
 Қан түссе қайтем қара бұғанаға?!  
 Ұқпай ма басқа мұны,  
 Ұға ала ма,  
 Маңдайға тағдыр жазған сыбаға да...

\* \* \*

Көңіл деген көк дөнен,  
Жеткізбейді желге де.  
Көк аттыдай көлденең,  
Жатыр дүние дөңгелеп...

Бірде ұстатып жалынан,  
Бірде ұстатпай оқырып.  
Жарқылдаған таңынан,  
«Мөңірейді» бос тұлып.

Жолың жықпыл шырғалаң,  
Жүргізбейді шырмауық.  
Шалыс бассаң бір қадам,  
Төнетіндей мың қауіп.

Жем түсіріп аяққа,  
Қақсатады қанжілік.  
Ара-тұра ай,  
Апта,  
Мұздап қалған жан жібіп.

Көтере алмай еңсеңді,  
Марту басып жатқандай.  
Тиғызбайды кемсеңді,  
Табанында тапталмай.

Қанден алып шалғайдан,  
Құзғын құсқа жеміт боп.  
Ақыл да ада,  
Шарғы-айлаң,  
Басың тебер –  
Бөрік – доп.

Иек артпа астында,  
Баспалаған сор бардай.  
Қабылан ба,  
Қасқыр ма,  
Құтылмассың жондалмай.

Былқылдаған кілегей,  
 Қас қаққанша көктайғақ.  
 Кімі бауыр,  
 Кімі өгей,  
 Қара қойдай етке айдап.

«Бір төужімі болармен»,  
 Таусылады төубаң да.  
 Құлқуаллаға қонар ма ем,  
 Бітер соңғы саудаң да.

Көңіл не айтар, көңіл не?  
 Желік басқа,  
 Жел басқа.  
 Жүгінсең ит өмірге,  
 Жер баспа дер,  
 Жер баспа!..

\* \* \*

Сағымдай құбылған, сабындай бұзылған,  
 Кер заман есік қақты да –  
 Бейбастақ ұлыңнан, бейәдеп қызыңнан,  
 Ар кетіп, артық тантты ма?

Аяғын артық баспайды, есігіңді ашпайды,  
 Жақын да пайдаң болмаса.  
 Жағалап мас байды, жаңа жас байды,  
 Арқасын тосып жондаса.

Аузында Құдайы, қолында Құраны,  
 Қоңыздай өрген кіл «емші».  
 Белгісіз тұрағы, таусылып шыдамы,  
 Екінің бірі тіленші.

Басында тарағы, алдында арағы,  
 Базардың бәрі бақалшы.  
 Пенде аздау саналы:  
 «Бағасы шамалы,  
 Бата алшы дейтін, бата алшы!»



Жүректі тоздырған, жүйкені қоздырған,  
Бұл не заман – қандауыр?  
Көңілді без қылған, көзінді боз қылған,  
Бордай тозып қалды ауыл...

Құдасы боп құданың,  
Құнан қойдың сорпасы.  
Таусылмай ма,  
Шырағым,  
Қалқып ішер тортасы.

Шаң жұқпастай шашанды,  
Күн шалмастай шекесін –  
Жылу жинап қашанғы,  
Ел-жұртты ығыр етесің?

Аусар көңіл,  
Тоң мойын,  
Аздырмайды деймісің?!  
Соңғы ойын деп,  
Соңғы ойын,  
Қылп етпей ме кейде ішің?

Сыбай-салтаң,  
Салдауыр,  
Тыңқисалдық өмір ме?  
Төнге ауыр – Жер –  
Жанға ауыр,  
Не істемексің көріңде?!

\* \* \*

Дуылдаған дүниенің,  
Бір пұшпағын илемей,  
Көлеміндей түйменің,  
Тым болмаса инедей!

Тигізбесең пайдаңды,  
Борсықсың да індегі.  
Бөлек ішіп айранды,  
Аулақ салар іргені.

Жататындай көрде бір,  
Жабысқандай кіндігі –  
Жүнқұрт та бір,  
Сен де бір,  
Жыбыр-жыбыр тірлігі.

\* \* \*

Азамат ең атанжілік,  
Бір құлқабак келді де –  
Мұрт іскектеп,  
Сақал жұлып,  
Іліп қойды кергіге.

Көшелі жан күндесіндей,  
Түбі орындап мақсатты.  
«Әлі жүр ме деп кесілмей?»  
Бас алмаса жақсы-ақты...

Алдаусырат,  
Арқамнан қақ,  
Күл мейлі,  
Қабағыңды жұрт көзінше жылы ұста.  
Ішкен асың бойыңа, інім, сіңбейді,  
Қыр арқамнан жүгіртпесең құмырсқа.

Көкірегіндей көкірегі қажының,  
Ағаң едім,  
Үлкен едім мүшелдей.  
Құдай куә,  
Жоқ қылаудай жазығым,  
Қыр ізіме шырақ алып түсердей.

Алла атымен Құран ұстап қолыңа,  
Өтірік айтпай ет кесе де етіңнен –  
«Әлденеше кесе тұрып жолыма,  
Қайта-қайта қақтың деші бетімнен» ?!